

Павлодар облысының білім беру басқармасы
Павлодар қаласы білім беру бөлімінің,
«Павлодар қаласының № 23 сәбилер бақшасы
Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпоры

2022 жылғы 04 мамырдағы
№ 5 педагогикалық кеңестің (жоспардан тыс)
ХАТТАМА КӨШІРМЕСІ

Тақырыбы: «Павлодар қаласының № 23 сәбилер бақшасы» КМҚК-да өзін-өзі бағалауды өткізу туралы»

Күн тәртібі:

1. Сәбилер бақшасында өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу туралы

Аталған мәселе бойынша басшы Ә. С. Нұрпейісова сөз сөйледі. Ол қатысушыларды «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ 2021 жылғы 23 қарашадағы № 1-03/218 бұйрығымен және 2022 жылға арналған Павлодар облысының білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды өткізу кестесімен, нормативтік-құқықтық актілермен: Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» бұйрығымен, мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 әдістемелік ұсынымымен таныстырды.

Бұдан әрі Әлия Серікбекқызы педагогтермен білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нақты нұсқама өткізді.

Әдіскер А. Т. Қадырованы ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша педагогтердің материалдарын дайындау туралы тыңдады. Айгүл Тасболатқызы әдістемелік ұсыныстарды жан-жақты түсіндірді. Өзін-өзі бағалау рәсімін талқылау нәтижесінде педагогикалық ұжыммен келесі **шешім** шығарылды:

1. Әдіскер А. Т. Қадырова 2022 жылғы 15 маусымға дейін есеп беру материалдарын жүйелендіріп, өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша қорытынды дайындасын.

2. Тәрбиешілер мен тар мамандар 2022 жылғы 15 маусымға дейін оқу нәтижелерін бағалау үшін барлық қажетті материалдарды дайындасын.

3. Мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері ата-аналар (заңды өкілдер) арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізсін және 2022 жылғы 27 маусымға дейін респонденттің байланыс деректерін міндетті түрде толтыра отырып, комиссия сауалнамаларын толтыруды және жіберуді қамтамасыз етсін.

Төрайымы:
Хатшы:



Ә. С. Нұрпейісова
Н. А. Тлеулина